

## **Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқындағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру үйімі: ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы**

**Топ: «Балдырган» ересек тобы**

**Балалардың жасы: 4-5 жаста.**

**Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2023-2024 оқындағы үйімі.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Мамыр	Музыка	<p>- балаларға тындауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тындауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тындау.</b></p> <p>Музыканы тындау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тындау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тындалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелуеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (акырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуендейті таза және сөздерді анық айтуда, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен).</p>

### **Музыкалық-ырғақты қимылдар.**

Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналашуға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

### **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабанды әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

### **Билер.**

Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратада білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.